



ЕРЕЖЕСІ
«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА
ҚАЛАЛЫҚ «КҮМБІРЛЕГЕН ДОМБЫРА ҮНІ»
ОНЛАЙН БАЙҚАУЫ

Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуына жол бермеуге байланысты байқау онлайн түрде өткізіледі.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғаларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» және «Отбасы – Қазақстан қоғамының дінгегі, экономикадағы, мәдениеттегі, әлеуметтік саясаттағы барлық жаңа жетістіктерінің негізі» деген сөздерінде үлкен мағына жатыр. Шынында рухы биік азаматтары бар елдің іргесі берік болуына сенеміз. Осы орайда ұлттық дәстүрлі өнеріміздің өркендеуіне мәдениетімізді сақтап оны жаңғырту басты міндет болып табылады.

Ұйымдастырушы:

- Нұр-Сұлтан қаласы білім басқармасы,
- №1 Балалар музыка мектебі.

Өткізілу мерзімі: 1-14 - желтоқсан аралығы 2021ж

Өтетін орны: №1 Балалар музыка мектебі

Қатысушылар:

Нұр-Сұлтан қаласы жалпы білім беретін мекемелері оқушылары.

Байқаудың мақсаты:

- Отаншылдық сезімге тәрбиелеу
- оқушылардың музыкалық-эстетикалық тәрбиесін жетілдіру
- қазақ мәдениеті мен өнеріне баулу
- ұлттық дәстүрді, тәрбиені насихаттау, жаңғырту
- отбасы құндылықтарды нығайту, жеке тұлғаның рухани адамгершілік эмоциялық негізін қалау, оқушылар арасында шығармашылық орта құру

Байқаудың өткізілу шарттары мен тәртібі:

Байқау үш бағытта өткізіледі.

- домбыра аспабы;
- домбырамен ән айту
- отбасылық ансамбльдер (дуэт, трио, квартет; ата-ана - бала)

Байқауға қатысу шарттары

Жеке орындау жас ерекшеліктері:

Кіші топ: **8-10 жас**

Орта топ: **11-13 жас**

Жоғары топ: **14-16 жас**

Ансамбль – аралас жаста

Домбыра аспабы номинациясының бағдарламалық талаптары:

- 1 төкпе немесе шертпе күй.

Домбырамен ән айту номинациясының бағдарламалық талаптары:

-1 міндетті түрде халық композиторларының әні (Абай, Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса, Мәди т.б) немесе терме.

Ансамбльдер – 1 күй немесе 1 ән қалауы бойынша .

- Байқауға қатысушылар (әр мектептен бір номинация бойынша – 1 орындаушы, яғни дәстүрлі ән -1 қатысушы; күй өнерінен -1 қатысушы, 1 ансамбль) бейнетүсірілімді You Tube каналына орналастырып сілтемесін жіберу. (видео астына Аты-жөнін жазу, өтініштерін, туу туралы куәліктің көшірмесін желтоқсанның 1-10 аралығына дейін №1 балалар музыка мектебінің ұйымдастыру комитеті <https://dmsh1-astana.kz/kalaly-respublikaly-baj-aular> сайтына жүктеуге тиіс. Сайтқа берілген өтінім автоматты түрде өтінім қабылданғанын жазады! **(Сіздің өтінішіңіз жіберілді. Комиссияның қарауында)** Мерзімнен кешіккен өтініштер қабылданбайды.

Бағалау критерийлері:

- орындаушылық шеберлігі, үйлесімділігі
 - әншілік шеберлігі
 - сахналық мәдениеті
 - сахналық киім.
- Байқаудың қазылар алқасы құрамына өнер қайраткерлері, белгілі ұстаздар шақырылады. Қазылар алқасы шешімі түпкілікті, қайта қарауға жатпайды.

Байқау қаражаты:

Байқауға қатысу тегін Байқаудың жеңімпаздары онлайн диплом және мақтау қағаздарымен марапатталады.

Байқау нәтижесі және жеңімпаздар 18-19 желтоқсан 1_dmsh инстаграм парақшасында жарияланады.

Мекен-жайымыз: Нұр-Сұлтан қ, Желтоқсан көшесі 36.Тел: 8 (7172) 31-43-86.

Өтінім үлгісі

Мектеп	
Аты- жөні,	
Жас ерекшелігі, номинациясы	
Бағдарлама	
Жетекшінің толық аты- жөні, тел нөмірі, электронды мекен-жайы	

**Жауапты: Оралбаева Жанар Шерхановна
8(7172) 31 43 86; 87774213186.**